

## Қарағанды облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 3 наурыздағы № 117 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық- географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына

1) Қарағанды қаласы әкімдігінің "Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 93 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне - Шәкәрімнің есімі ;

2) "Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәтбаев қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне - Баубек Бұлқышевтың есімі;

3) Қарқаралы ауданы әкімдігінің "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің жалпы білім беретін № 17 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне - Рысбала Молдақашеваның есімі берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А.Мамин